

ӘОЖ 396.21

ТҮРКІ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ АСАН ҚАЙҒЫ БЕЙНЕСІ

Сейтказина Камиля Амангелдіқызы

Seitkazina.kamila@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.Ж. Шәріп

Асан Қайғы – түркі халықтарының мәдениеті мен әдебиетінде, рухани әлемінде ерекше орынға ие тұлға. Асан халықтың мұң-мұқтажын көрген, ханға сын айтып, дұрыс жол сілтей алған өз дәуірінің данышпаны болған. Елдің тұрмысына алаңдап, жағдайын ойлаған Асан халық арасында Қайғы атанып кеткен. Жалпы оның туған жері, өмір сүрген кезеңі туралы нақты деп көрсете алатын деректер жоқ. Себебі түбі бір түркі халықтары ұлт болып жіктелуге дейін, Алтай, Ертіс пен Жайық бойын аралас мекен еткен. М.Мағауиннің көрсететін зерттеулері бойынша Асан 1361-1370 жылдар аралығында Еділ өзенінің бойында дүниеге келген, оның әкесінің аты – саятшы Сәбит, анасы – Сәлиха. Сонымен қатар Асанды Майқы бидің алтыншы ұрпағы деседі. Майқы – Шыңғыс хан тұсында өмір сүрген әйгілі би еді [1, 23]. Әйелінің аты – Күлжазира, баласы Абат батыр деген деректер де бар [4, 242]. Алайда Асанның өмір сүрген кезеңі туралы Мұхтар Әуезов Абылай ханның заманын қарастырғанды дұрыс деді. Өйткені Әз-Жәнібек Қобыландының тұстасы деседі [2, 198-199]. Шоқан Уәлиханов болса, өзінің «Записки о киргизах» атты еңбегінде Асан туралы «көшпелілер философы», бірде «ноғайлы философы» деп айтқан. Жерленген жерін Ыстықкөл маңы деп көрсеткен. Сонда тағы бір деректер бойынша Асан XV ғасырда өмір сүрген деуге негіз бар. Бір мәліметтерде Асан қазіргі Өзбекстан жерінде, Жиделі Байсында дүниеден өтті делінеді [1, 24]. Ә.Әбілқайырқызы «Дала данышпаны» атты мақаласында оның жерленген жері туралы 2 пікір айтады: бірі – Қарағанды облысындағы Ұлытау ауданы,

екіншісі – Шиелі ауданының маңы [3, 8]. Асанның қанша жыл жасағаны да белгісіз. Кей аңыздарда ол 95 жасқа келген, ал басқа бір аңыздарда 120-ға дейін жасаған. Бұл деректердің нақты болмауының себебі де бар шығар, өйткені халық арасында беделі тасыған, қадірі шектеусіз тұлғалардың образы әрқашан да үлкен жасқа келген ақсақалды қария болып берілуі фольклорда жиі орын алатын құбылыс. Атап өтетін нәрсе – Асан туралы жинақталған зерттеулер бірізді емес. Нақтылай келгенде, 2 бағытта дамыған: бірі – жеке аңыз бен әңгімелердің ырғағындағы жиынтық бейнесі ретінде, екіншісі – өмірде болған жеке тұлға Асан Сәбитұлы – жырау, данышпан, абыз, сәуегей, философ. Асан Қайғы жайындағы толып жатқан аңыздардың нәр алған көзі – тарихи Асанның тірлігі мен кешкен өмірі. Алайда, біз білетін, желмая мініп әлем шарлаған данышпан қарттың шын Асанмен ортақ несі бар, тарихи Асан мен аңыз қаһарманы Асанның арасындағы қатыс қаншалық, екеуін алма-кезек қою арқылы тұрақты образ пайда болады ма деген мәселелерді шешу өте қиын [1, 25]. Бәлкім, Асан Қайғы бейнесінің осыншама күрделенуінің өзі де оның тарихи тұлға ретіндегі рөлін асқақтататын шығар – өз дәуіріне, халық санасына әсер еткен адам қаншалықты орнықты болса, оның төңірегінде пайда болатын аңыздар да көп, әрі мазмұнды болады.

Асан есіміне «қайғы» лақап атының қосылу себебі неде? Халық аузында сақталған деректер бойынша, Асан кішкентайынан анасының жанында әкесіз өсіпті-міс, саятшы Сәбит аңшылық сапарға аттанып, сол кеткеннен оралмапты. Ол бала кезінен жетімдік нәубетін көріп өсті, есейгенде елдің тұрмысына да алаңдап, келешегін ойлады. Міне, осылайша Асан Қайғы атанған екен. Яғни бұл данышпанның жиынтық бейнесіне айналған түсінік [5, 89]. Бұдан өзге Асанның өмірлік серігін іздеу туралы аңыздарда былай делінген: бірде Асанға бал аштырған балгер оның қармағына су перісі Еділ, Жайық, Сырдария немесе Ертістен ілінеді депті. Сөйтіп жүріп айтылған жорамал орындалды, бірақ екеуінің арасында туған кикілжің нәтижесінде су перісі ғайып болады, содан Асан іш құса қалады және қайғырады-мыс.

Жоғарыда көрсетілген зерттеулер негізіндегі ойға қонымды түйін – Асан – өз заманының ойшылы болған, Жәнібек тұсында өмір сүрген, хан жанындағы кеңесші-ақсақал жыраулардың бірі еді. Асан ағайынға аға болып, ата-анадан, бала-шағадан айрылып, қабырғасы қайысқан елдің ауыр тағдырына кінәлі деп ханды айыптайды. Ел жадында сақталған Асан – тыныштық пен берекені аңсаған Асан.

Ай, ағамыз, ағамыз,
Болдың бізге панамыз.
Ноғайдың жетім-жесірін
Қойдай айдап сен бақтың,
Аш-арық болған ноғайға

Пана болып, оларға

Тамақ беріп, жем таптың! [1, 25] –

деп жырланған еді «Қырымның қырық батырында». Бұл жырдағы ноғай деп аталып тұрған халық қазаққа қандай қатысы бар деген еріксіз сұрақ келеді ойға. Бұл қазақ пен ноғайдың этникалық бөлініске ұшырап, ажырамаған кезеңі. Шоқан Уәлиханов: «Ноғай деген ат жартылай отырықшы елдерден бөліп алу үшін айтылған аты еді. Ноғайды да, өзбекті де – бәрін де ноғай деп атаған. Бірге жасап өмір кешкен ноғай мен қазақ ордасын Жәнібек билеген кезең қазақ жырларында алтын дәуір тұрғысында саналады» - деп көрсетеді. Осыдан түйетін ой – Асан Қайғының ноғайға да, қазаққа да ортақ тұлға болуы – заңды құбылыс.

Асан Қайғы туралы аңыздардың ішінде ерекше аталып өтетіні – оның «Жерұйықты» іздеуі. «Жерұйық» немесе «жерүйек» деп аталып жүрген құтты, киелі қоныс бастауын көне түркі заманынан алады. Өміршеңдігін жоғалтпаған көне түркінің бір термині бар. Ол – ыдук (ıduq). «Күлтегін» жазуындағы «Ыдук иер, суб» - «Қасиетті жер, су», «Ыдук Отукен йышы» - «Қасиетті Отукен қойнауы» тіркестерінде жолығатын қасиетті сөз [6, 46]. Бұл қоныс сипаты жағынан қандай? Неліктен Асан өмірінің соңғы жылдарында елге қадірлі қарт ретінде ханның жанында ақыл айтып қала бермеді? Асан туралы аңыздарды утопияға жатқызған С.Қасқабасов, Жерұйық мотивінің қазақ фольклорында бірнеше деңгейі бар деп

көрсетеді:

1. «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман» идеясы
2. «Құтты мекен» арманы
3. Өмір сүріп жатқан қоғамды өзгерту идеясы [7, 103].

Құтты қонысты іздеуіне себептер де баршылық екенін анық. Өзінің жыр-толғауларымен ханға жеткізгісі келген ойларын ашық айтты. Дәлірек айтқанда, халықтың сөзін сөйледі. Асан – елі үшін туған кемеңгер тұлға. Ханға дат айтқан жыр үзінділерінен:

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің? [5, 105] –

ыза мен күйіншітпін бар екенін көреміз.

Қатын алдың қарадан,
Айрылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ұл таппас,
Айрылар ата мұрадан... [4, 252] –

деп ханның әрекетіне ызаланады, себебі хан ата жолын қастерлесе, өзінің ұрпағын сақтар, кейіннен сол ұрпақ та ел қамын ойлар. Яғни қара мен ханның қосылуын дәстүрдің бұзылғаны деп біледі. Елді қинап, қала (қамал) салдыруы – отырықшылыққа апарар жол. Ал бұл көшпелі мәдениет үшін үлкен дағдарыс. Жер қадірін тек көшіп-қонып жүрген халық қана біледі.

Еділ менен Жайықтың,
Бірін жазда жайласаң
Бірін қыста қыстасаң [4, 252], –

деп армандайды. Міне, осындай сыни көзқарастағы ойлардан соң Асан желмаяға мініп, Жиделібайсындай малға жай, егінге бай мекенді іздеуге аттанады-мыс. Құтты қонысты әлем шарлап іздеу – зар заманның келер күнінің алыс емес екендігін көрсететін бір әрекет ретінде қабылдасақ та болатын шығар. Асан Қайғы туралы аңыздардағы утопиялық ойлар көшпелі халықтардың поэзиясындағы көрініс алған алғашқы утопиялық ойлар болып табылады, яғни қайнар бұлағы деп санай аламыз. Жыраулар поэзиясында ой басым болады, кейде бұл ойлар олардың бейнелі параллельге жүгінбестен тікелей айтылған, кейде ойды ұғым күйінде іске асыруға деген ұмтылыспен жиі айтады. Жыраулар мен ақындар өз шығармаларында уақыт пен кеңістік, жақсылық пен жамандық секілді түсініктерді қолданғандықтары белгілі.

Асан Қайғы өз заманының ерекше тұлғасы болып қала бермек. Қазақ әдебиетіндегі жыраулық поэзияның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі өлшеусіз. Оның бейбіт өмірге, қоғамдық теңдікке деген ұмтылыстары, ел қамын ойлап, қайғырғаны – бостандықтың жыршысы секілді бейнесін қалыптастырды және халық жадында да мәңгі сол кейпінде жасайтыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Шығармалар жинағы, 8 том. Қобыз сарыны. – Алматы: Қағанат, 2002. – 22-37 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 198-215 б.
3. Әбілқайырқызы Ә. Дала данышпаны // Қазақ. – 2012. № 43 (609) – 8 б.
4. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
5. Жармұхамедов М. Көненің көзі. – Алматы: Санат, 1996. – 89 б.

6. Шәріп А. Алтын арқау. – Алматы: Арыс, 2009. – 128 б.
7. Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихылығы. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы. 1994. – 312 б.
8. Қазақ халық әдебиеті. Батырлар жыры. 6 том. – Алматы: Жазушы, 1990.
9. Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Білім, 2000. – 368 б.
10. Мамиева Б. Асан Қайғы туралы аңыздар. Диссертация авторефераты. – Алматы, 2007. – 28 б.